

Тексерілді: Ураза
Әдіскер: Уразалина Г.Б.

Бекітілді: Б.Б.
Менгеруші: Курманова Л.Б.

Қош келдің, әз Наурыз (ұлттық ойындар)

«Балдырған» ересек тобы
«Балбөбек» ересек тобы

Наурыз, 2023 жыл

Қош келдің, Әз Наурыз! (ұлттық ойындар)

Музыка әуенімен «Балдырған» және «Балбөбек» топтың балалары шығып бір-бірлеріне көрісіп, наурыз мерекесімен құттықтайды.



Тәрбиеші:

Наурыз айы жүректерге нұр сепкен,
Мандайымнан сүйіп жатыр нұр көктем

Жарығымен, шуағымен Күн - Ана

Алып келдің жер бетіне нұр көктем!

Осыншама жақсылық,

Алып келдің Наурызым!

Төрлет бізге нұр болып,

Шуақ шашып нұр жүзін!

Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!

Жер шарын мекендеген ұлттар мен елдердің сан түрлі мейрамы бар. Ал Наурыз - қазақ халқының шын мағынасындағы ұлттық мейрамы. Бүлкүн мен түн теңелетін мереке. Сондықтанда халқымыз Наурызды «Жыл басы», «Ұлыстың ұлы күні» деп атайды.

Қазақ халқының күнтізбесі бойынша Наурыз мерекесі көктеммен бірге келеді. Өйткені көктемде жер дүние жасарып, жанарады, өмірге қайта келеді. Осы тіршілікпен бірге, адамдардың да өмірі жандалады, жайнай түседі. Олай болса, бүкіл тіршілік атаулыны жаңартып, жақсартқан Наурызға шын ниетпен «Қош келдің, Әз Наурыз!» деп айтайық.

Балалар хормен: «Қош келдің, Әз Наурыз!»

Тәрбиеші: Ұлыстың ұлы күнін, яғни төл мейрамымызды қазақ халқының ұлттық биімен ашқымыз келіп отыр, олай болса «Балбөбек» тобының биші қыздары бізге «Торсық» биін билеп берсін.

Би: «Торсық»



Тәрбиеші: Келесі кезекті осынау қасиетті мерекеге арналған тақпақтарға береміз.

Алтын:

Көктем келді, балақай,
Жасарды жер, алақай.
Наурыз тойын тойлайық,
Әсем әнге салайық.

Нұрмұхаммед:

Жыл басы-Наурыз мереке,
Ақ нұрға әлем боянды.
Наурыз тойы береке
Тіршілік жана оянды!

Айкөркем:

Наурыз келді сан құрып
Жасарып жаңғырып,
Құлшырып жер мен көк
Мейірім таң күліп.

Б. Райна:

Уа, ағайын халайық,
Мұнда назар салайық!
Мерекесі халықтың
Наурыз тойын бастайық!

Әлімхан:

Наурыз тойын, Наурыз тойым.
Құтты болсын халайық!
Қане, достар, қане достар,
Шырқап әнгесалыық.

Ғазиза:

Наурыз тойы –тамаша,
Наурыз тойы- жанаша.
Табиғат та тамаша,
Тамылжып тұр жараса.

Тәрбиеші: Ой балалар жарайсындар, бәрекелді. Осындай мереке күні біздерге әжеміз наурыз көже пісіріп, дастархан жайып қойыпты. Әжемізді Ұлыстың ұлы күні наурыз мерекесімен құттықтайық.

Тәрбиеші: Әже, Наурыз көже өте дәмді екен. Оны қалай дайындадыңыз?



Әже: Қарақтарым. Наурыз көже Наурыз мейрамының негізгі тамағы. Оған 7 түрлі тағам қосылады. Олар: қыстан қалған сүр, айран, сүт, тұз, құрт,

тары, бидай. 7саны киелі сан. Ал наурыз көже тоқшылық белгісі.

Тәрбиеші: Дастарханымыздан ешқашан ырыс береке кетпесін дей отырып кезекті әнге берейік. «Балдырған» тобының балаларының орындауында:

Ән: «Қош келдің төрлет наурызым»



Ой балалар жарайсыңдар, бәрекелді.

Халқымыздың ұлттық өнерінің тағы бір керемет түрі бұл айтыс.

Наурыз мейрамында ақындар айтысы болып отырған. Ақындар жақсылық пен жамандық, суық пен жылының күресін жырлаған.

Халқымыздың ежелден келе жатқан бұл төл өнері, бүгінгі ұрпақ бойында да өз жалғасын табуда. Осындай тамаша өнерді жалғастыру өз парызымыз деп түсінген кішкентай айтыскерлерімізді қошеметтеп қарсы алайық.

Айтыс: Сабыржан мен Іңкәр

Би: «Шабандоздар» (ұлдардың орындауында)



Өңдетіп Алдар келеді (Мен Алдармын, Алдармын)

Айтысып жатқан балалардың даусын естіп келдім. Бұл жерде мереке болып жатыр ма?



Тәрбиеші: Иә, Алдар көңіл - күйің жақсы екен, амансың ба?

Алдар: Амансыздар ма! Наурыз мейрамы құтты болсын.

Тәрбиеші: Ендеше ұлыстың ұлы күнін бізбен бірге қарсы ал, наурыз мейрамың құтты болсын!

Алдар: Рахмет! Мен сендерге құр қол келген жоқпын. Ұлттық ойындардың бірі асық ату ойынын, ойнауға бір дорба асықтар ала келдім.

Ойын: (Асық ойыны)



Тәрбиеші: Рахмет саған Алдар. Ойының балаларға өте ұнады, кел дастархан басына төрлет.

Алдар: Рахмет (дастархан басына отырады)

Тәрбиеші: Алдар көсе біздің балаларымыздың наурыз мерекесіне арнаған ән-билерін тамашаланыз.

Ән: «Наурыз көктем»



Тәрбиеші: Наурыз тойын бастаймыз

Бимен оны қостаймыз

БИ: «Көңілді ырғақты би» (қыздардың орындауында)



Алдар көсе біздің балалардың тағы ойын ойнағысы келіп тұр, бізбен бірге ойын ойнаңыз.

Ойын: «Итеріспек»

Шарты: Балалар қолдарын артына ұстап тұрып шеңбердің ішінен бір-бірін нықмен итеріп шығару керек.

Тәрбиеші: Жарайсыңдар, балалар! Бір сергіп алдық. Енді келесі кезекте «Балбөбек» тобының балаларының наурыз мерекесіне жақтаған тақпақтарын тыңдайық.

Би: «Асық биі»




Ойын: «Арқан тарту»

Ойын «Орамал»



Тәрбиеші:

Бағаменен ел көгерер, жаңбыр менен жер көгерер, - дегендей әжемізден бата күтеміз.



Тәрбиеші:

Жанғыртқан дәстүрімізді рахмет елім,
Тербетсін шаттық әні қазақ жерін
Той бастаған қадамын құтты болсын,
Дәстүрлі тамыр алып, өркен жайсын
Қош болыңыз, Наурызым ардақты
Халқым саған бар үмітін жалғапты!
Жылда осылай келе берсін жарасып!
Ұлыстың ұлы күні құтты болсын!
Наурыз береке – бірлік әкелсін!
Сау болыңыздар!

